

Қазақстан Республикасы хром өнеркәсібінің кәсіпорындарын жекешелендірудің жеке тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 1 қарашадағы N 1420

1995 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының хром өнеркәсібіндегі барлық кәсіпорындарды басқару және дамытудағы ынтымақтастық туралы Келісімнің және "Қазақстан Республикасының хром өнеркәсібін дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 маусымдағы N 781 P950781_ қаулысының қағидаларын дамыту, сондай-ақ Үкіметтің хром өнеркәсібі саласындағы стратегиялық инвесторлар алдындағы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы мен 1995 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасы хром өнеркәсібіндегі барлық кәсіпорындарды басқару және дамытудағы ынтымақтастық туралы Келісімге сәйкес 30 миллион АҚШ доллары сомасындағы бұрын "Джапан Хром Корп". Компаниясы төлеген компанияның барлық акциялар пакеті, сондай-ақ құрылтайшысының иелігінде қалған Компанияның басқа акциялар пакеттері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне берілу есебінен "Крамдс-Хромит" мемлекеттік холдинг компаниясы /бұдан әрі Компания/ акцияларының 100 процентін мемлекеттік меншікке тұтастыруға аяқтасын.

2) Оларды бағалау кезінде келісімді бағалар пайдаланылып, аталған акцияларды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің иелігіндегі басқа акцияларға айырбастау шарттарын жасау арқылы хром өнеркәсібіндегі кәсіпорындардың қаражаттарын алуды жүргізсін.

3) "Дөң ТКК" мен "Феррохром" ашық тұрпатты акционерлік қоғамдарының атаулы жай акцияларының 90 процентіне дейін, сондай-ақ Ермак ферроқорытпалары зауытының мүлкін оның жарғы қорына беру арқылы "Қазхром" ұлтаралық компаниясы " ашық тұрпатты акционерлік қоғамын құрсын.

4) Олардың негізінде құрылатын "Қазхром" ұлтаралық компаниясының ғана акциялары қайталама рынокта сатылуы қарастырылып, хром өнеркәсібіндегі кәсіпорындарды жекешелендірудің жеке тәртібін белгілесін.

5) "Қазхром" ұлтаралық компаниясының жарғы қорында және бұл мұқтаждар үшін жеңілдікті акциялардың 10 процентін бөлу есебінен аталған хром кәсіпорындары

қызметкерлерінің тегін жекешелендіруге қатысуының кепілдіктерін қарастырсын.

6) Үкіметтің хром өнеркәсібіндегі шетелдік инвесторлар алдындағы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Компанияның оған берілген акциялар пакеті үшін "Джапан Хром Корп." басқарушы фирмасы іс жүзінде төлеген 30 миллион АҚШ доллары сомасындағы қаржы оның жарғы қорының 25 проценті көлемінде "Қазхром" ұлтаралық компаниясының атаулы жай акцияларының пакетіне Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің аталған акциялар пакетін айырбастауды жүргізу арқылы есепке алынуы тиіс. Соның ішінде 30 миллион АҚШ доллары айырбасталатын /есепке алынатын/ акциялар пакеттерінің құнына теңестіріліп қабылдануы қажет. Аталған акцияларды айырбастауды "Қазхром" ұлтаралық компаниясының эмиссиясы тіркелген күннен бастап он күн ішінде жүргізісін.

7) "Джапан Хром Корп." фирмасымен хром кәсіпорындарын басқару туралы шарттың тоқтатылуына байланысты "Қазхром" ұлтаралық компаниясының мемлекеттік акциялар пакеттерін басқаруға жекешелендіру аяқталғанға дейін онымен жаңа шарт жасасын.

8) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің бұрын шығарған нормативтік құжаттары мен басқару актілері осы қаулымен сәйкес келтірілсін.

2. Мәміле бағасын инвестормен келісуіне қарай айқындау негізінде "Қазхром" ұлтаралық компаниясының жарғы қорының 27 процентін /атаулы жай акциялары/ Қазақстан Республикасының хром өнеркәсібі саласындағы стратегиялық инвесторға тікелей сату қарастырылсын. "Қазхром" ұлтаралық компаниясының акцияларын сатып алуға басым құқық "Джапан Хром Корп." басқарушы фирмасына берілсін.

3. Ермак ферроқорытпалар зауытының мүлкі "Қазхром" ұлтаралық компаниясының жарғы қорына берілген мезеттен бастап, ол қайта құрылған ретінде, Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының мемлекеттік тізбесінен шығарылсын.

4. <*>

Ескерту. 4-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2001.07.26. N 1013 қаулысымен. P011013_

5. "Дөң ТКК", "Феррохром" ашық тұрпатты акционерлік қоғамдары және "Қазхром" ұлтаралық компаниясының тізбелері бойынша меншік құқықтарының берілуін кідіріссіз тіркелуін қамтамасыз ету мақсатында, егер мұндай қызметтердің төлемі акцияларды сату /беру/ жөніндегі мәмілелердің сомасынан 0.001 проценттен асатын болса, аталған акционерлік қоғамдардың тізбелері бойынша акциялар қозғалысын тіркеу жөніндегі олардың қызметіне төлем сомасының 99.9 процентін жергілікті бюджеттерге алуды қарастыратын, депозиторлық қызмет көрсететін тіркеушілерден жергілікті бюджеттердің пайдасына арнайы алып белгіленсін.

Алымды алу депозиторлық қызметтер үшін есеп айырысу кезінде жүргізіледі.

6. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне олар үшін резидент емес инвесторлар шетелдік валютамен есеп айырысқан кезде, хром саласының жекешелендірілетін кәсіпорындарының бағалы қағаздарын сату-сатып алу мәмілелері бөлігінде капиталдың қозғалысымен байланысты операцияларды тіркеуді үш күннен аспайтын мерзімде жүргізу ұсынылсын. Соның ішінде аталған тіркеу рұқсат беру сипатында емес екенін ескеру қажет.

7. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті оның қызметіне бақылау жасауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін "Қазхром" ұлтаралық компаниясының акцияларының ірі пакеттерін сатып алу фактісі бойынша шетелдік стратегиялық инвесторларға мейлінше қысқа мерзімде берілуін қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасының экономикасына шетелдік инвестициялардың құйылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының өндірістік салаларына нақты материалдық үлес қосуды жүзеге асырған шетелдік инвесторларға салынған қаржы жөнінде кепілдіктер қарастырылсын.

Қазақстан Республикасының хром өнеркәсібін дамытуға инвестиция салған шетелдік компанияларға экономикалық-саяси ахуалдың өзгеруіне байланысты Қазақстан Республикасында аяқасты жағдай өзгерген ретте олардың мүлiктік және жеке басының мүлiктік емес құқықтарының, тікелей меншіктегі немесе сатып алынған акцияларының нақты көлемін өтеу арқылы салынған қаржысының қорғалуына Үкімет кепілдік береді деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі